1. Ulianitsky V.Y., Batraev I.S., Shtertser A.A., Dudina D.V., Bulina N.V., Smurov I. Detonation spraying behaviour of refractory metals: Case studies for Moand Ta-based powders. *Adv. Powder Technol.* 2018, *29*, 1859-1864.

2. Vignesh S., Shanmugam K., Balasubramanian V., Sridha K. Identifying the optimal HVOF spray parameters to attain minimum porosity and maximum hardness in iron based amorphous metallic coatings. *Def. Technol.* 2017, *13*, 101–110.

3. He L., Tan Y., Wang X., Xu T., Hong X. Microstructure and wear properties of Al_2O_3 - CeO_2/Ni- base alloy composite coatings on aluminium alloys by plasma spray. *Appl. Surf. Sci.* 2014, *314*, 760–767.

4. Monika M., Leszek L., Pawel S., Filofteia-Laura T., Hanna M., Alain D., Нйlине A. Microstructural, mechanical and tribological properties of finely grained Al_2O_3 coatings obtained by SPS and S-HVOF methods. *Sur. & Coat. Technol.* 2020, *404*, 1-15

5. Ulianitsky V.Y., Batraev I.S., Shtertser A.A., Dudina D.V., Bulina N.V., Smurov I. Detonation spraying behavior of refractory metals: Case studies for Mo and Ta-based powders. Detonation spraying behavior of refractory metals: Case studies for Mo and Ta-based powders. *Advan. Powd. Technol.* 2018, *29*, 1859-1864.

6. Tian H.L., Guo M.Q., Wang C.L., Tang Z.H., Cui Y.J., Tribological behaviour of a self-lubricated GO/WC-12Co thermal spray coating. *Surf. Eng.* 2018, *34*, 762–770.

7. Ulianitsky V.Y., Dudina D.V., Batraev I.S., Rybin D.K., Bulina N.V., Ukhina A.V., Bokhonov B.B. The influence of the in situ for medandadded carbonon the formation of metastable Ni-based phases during detonation spraying. *Mater. Lett.* 2016, *181*, 127-131.

8. Kantay N., Rakhadilov B., Kurbanbekov Sh., Yeskermessov D., Yerbolatova G., and Apsezhanova A. Influence of Detonation-Spraying Parameters on the Phase Composition and Tribological Properties of Al_2O_3 Coatings. Coatings 2021, 11, 793.

ӘОЖ 542.06:37.09

СТУДЕНТТЕРДІҢ ХИМИЯДАН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ИКЕМДІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Муханова Д.Е.
Ғылыми жетекші: Тантыбаева Б.С., п.ғ.к., химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: mdevkgu@mail.ru

Қазіргі әлеуметтік – мәдени жағдайларда классикалық білім жиынтығы жеткілікті болып табылмайды. Эксперименттік иикемділіктер мен дағдыларды меңгерген, білім алуға ашық және жұмыс барысында креативті ойлау қабілеті мол мамандар сұранысқа ие. Эксперименттік икемділік – бұл, ең алдымен, гностикалық және проектілік дағдылары, соның негізінде сіз жаңа білім алып,

жаңа әрекеттерді игере аласыз. Студенттердің эксперименттік дағдыларын қалыптастыру - бұл ғылыми танымға үйрету [1, 119б.].

Бұл мақалада ЖОО – да білім алатын студенттер бойына эксперименттік икемділікті қалыптастырудың маңызы жазылған. Болашақ маман иелеріне «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» дисциплинасын оқытуда және зертханалық жұмыстарды жүргізу көмегімен эксперименттік икемділіктерді қалыптастыру маңызды болып табылады.

Кілт сөздер: эксперименттік икемділік, жоғары оқу орында білім беру, студент, дағды, икемділік.

Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламасында «эксперименттік икемділік» қызметін шығармашылық қызметтің бір түрі ретінде қарастырамыз. С.Л.Рубинштейннің айтуы бойынша: «шығармашылық – бұл әлеуметтік маңызы бар, жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құрайтын адам қасиеті» [2, 16б].

Негізінен, «эксперименттік икемділік» термині көптеген анықтамаларға ие.

В.И.Андреев, Е.И.Барчук, О.С.Зайцев, В.М.Коликова, В.Л.Пестерева, М.Б.Раджабов, З.А.Хайретдинова сияқты көптеген авторлар «эксперименттік икемділік» деп ғылыми танымдылықтың әртүрлі сатылары мен деңгейлерін игеру деп жазған.

Эксперименттік икемділік – зерттеуді өз бетінше орындау үшін қажетті зияткерлік және практикалық дағдылар жүйесі (А.Г.Йодко) [3, 28б.].

Эксперименттік икемділік – бұл, ең алдымен, гностикалық және проектілік икемділіктер, соның негізінде студент жаңа білім алып, жаңа әрекеттерді игере алады (З.А.Исаева) [4, 119б.].

Эксперименттік икемділік – бұл зерттеу міндеттерін шығармашылық шешуді қамтамасыз ететін жүйелі білім, дағдылар, икемділіктер мен жеке қасиеттердің жиынтығы (Ш.Т.Таубаева) [5, 105б.].

Қорыта келе, эксперименттік икемділік дегеніміз – шығармашылық сипатқа ие, жаңа білім алу барысында креативті тұрғыда ойлай білу деп айтуымызға болады. Сонымен қатар, эксперименттік икемділік химия зертханасында зертханалық жұмыстарды атқаратын студенттер үшін – сабақ оқу барысында зертханалық кабинеттерде қауіпсіздік ережесін сақтау, химиялық ерітінділер мен реактивтермен жұмыс жасай білу, атқарылған жұмысын рәсімдеу сияқты қасиеттерді білдіреді.

Болашақ химия мамандарына эксперименттік икемділікті дарыту – студенттер үшін ең маңызды аспект болып табылады. Эксперименттік икемділік жоғарыда айтылып кеткендей студенттерге аудиториялық, зертханалық кабинеттерде сабақ барысында жұмыс істеуге ғана емес, сабақтан тыс жұмыс жасауға, келесі семестрде басқа да сабақтарды меңгеруге, болашақ жұмыс орнында жұмыс істеу барысында көптеген септігін тигізеді.

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ, ІТжЖҒ ЖМ, химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. –

Афанасенкова И.В. эксперименттік икемділіктің келесі функцияларын ажыратқан [6, 120 б.]:

- Сызықтық емес; - Ашықтық; - Біртекті емес; - Динамикалық; - Иерархиялы.

Кесте 1. Эксперименттік икемділіктің функциялары.

№	Эксперименттік икемділік функциясы	Анықтамасы
1	Сызықтық емес	- Проблеманы шешудің бірнеше жолын қарастырады; - «Резонансты» шешім табуды талап етеді.
2	Ашықтық	- Білімді тек сабақ барысында емес, өзіндік, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыра алу.
3	Біртекті емес	- Студенттердің орындалатын тапсырмаларының әртүрлілігі.
4	Динамикалық	- Оқытушы мен студенттің ара – қатынасы, бірсарында, үздіксіз жұмыс жасау.
5	Иерархиялы	- Тапсырмалардың әртүрлілігі. Студеттерге әртүрлі деңгейлі тапсыралармен қамтамасыз етілуі.

Химия мамандығы бойынша білім алатын студенттер үшін эксперименттік икемділікті қалыптастыру келесі қадамдардан тұрады:

- ҚР білім беру стандарты мен білім беру бағдарламасын игеру;
- ЖОО білім беру жоспарын негізге ала отыра, Химия мамандығы бойынша (ғылыми бағыт және педагогикалық бағыт) 1 – курсқа оқуға қабылданған студенттерге эксперименттік икемділікті қалыптастыру тақырыбында эксперимент жүргізу.

Эксперимент жүргізудің негізгі аспектісі – студенттерге пәндік оқу дәптерін дайындау.

Мысалы, 6В01504 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша 1 – курс студенттері үшін «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» пәнінен типтік оқу дәптерін әзірлеу жоспарланған.

Оқу дәптері – 1-курс студенттерін ережеге сай лабораториялық жұмыстың қорытындысын рәсімдеуге, атқарылатын жұмысқа сабақтан тыс дайындалуға, қосымша мәлімет іздеуге үйретеді.

Мысалы:

Зертханалық жұмыс №3 БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ КЛАССТАРЫ [7, 47б.].

Кесте 2. Оқу дәптерінің мысалы.

Күні: Зертханалық жұмыс атауы	Пән мұғалімі:

Зертханалық жұмыс атауы, сипаттамасы	Реакция теңдеуі, суреттер, схемалар (өздері реакция теңдеуін жазып, суретін салады)	Қорытынды (студенттер реакция нәтижесінде байқалған реакциялардың қорытындысын жазады)
Қышқылдарды алу		
1. Сутегінің бейметалдармен қосылысы. Лаборанттан хлормен толтырылған құрғақ пробирканы алады. Басқа пробирканы Кипп аппаратынан алынған сутегімен толтырады. Екінші пробирканың аузын төмен қаратып, оны хлоры бар пробирканың аузына беттестіріп, пробиркаларды бірнеше рет төңкеріп газдарды араластырады. Пробиркаларды алып, олардың аузын газ шамының жалынына енгізеді. Не байқалады? Сол сәтте реакциядан кейін пробиркаларды су құйып орналастырып және түзілген ерітіндіні лакмуспен тексереді		
2. Қышқылдық оксидтің сумен қосылысы. Шыны таяқшамен біраз фосфор (V) оксидін алып, оны судың біраз мөлшерімен араластырады. Алынған ерітіндіні нейтралды лакмуспен тексереді.		
3. Тұздың қышқылмен әрекеттесуі. Пробиркаға біраз құрғақ натрий ацетатын салып, сұйық күкірт қышқылымен дымқылдатады. Қандай зат түзілгенін иісі бойынша анықтайды. Пробиркаға қабырғасына тигізбей қызыл фенолфталеин қағазын енгізеді.		

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балановская Л.А. Четыре кита креативности // Проблемы образованияв современной России и на постсоветском пространстве: Сб. ст. II Международной научно-практической конференции. - Пенза, 2003. - С. 17- 19;

2. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. - М., 1958. - 147 с.

3. Народное образование в СССР: Сборник документов. - М., 1974. – 560с.

4. Исаева З.А. Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: Дис. д-ра педагог. наук. - Алматы, 1997. - 337 с.

5. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории кпрактике. - Алматы, 2001. - 350 с.;

6. Афанасенкова И.В. Формирование исследовательских умении студентов химиков. – Дисс. – Усть – Каменогорск, 2012. – 167с.;

7. Тантыбаева Б.С., Шаихова Б.К., Даутова З.С., Абилаев М.Б. Бейорганикалық химия практикумы: оқу құралы/Тантыбаев Б.С., Шаихова Б.Қ., Даутова З.С., Абилаев М.Б. – Өскемен, 146б., 2016ж.

ӘОЖ 54.542

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұрагер Жанайгул
Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к., химия
кафедрасының меңгерушісі
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: zhanaigul000@gmail.com

Химия ғылымы тек теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық болғандықтан, химиялық эксперимент арқылы оқушылардың назарын пәнге және зерттелетін тақырыпқа аударуда виртуалды зертханаларлың маңызы зор. Бұл білімді, теориялық мазмұнды өмірмен немесе практикамен байланысын жүзеге асырудың маңызды тәсілі. Оқушылар байқауға, талдауға, қорытынды жасауға, жабдықтар мен реактивтермен жұмыс істеуге үйренеді, практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастырады. Бұл дағдылар химиялық сауаттылықтың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Оқу практикасына виртуалды зертханаларды енгізудің өзектілігі, біріншіден, уақыттың ақпараттық қиындықтарымен, екіншіден, оқытуды ұйымдастыруға қойылатын нормативтік талаптармен, яғни білім беру стандарттарымен байланысты.

Бұл зертханалар химиялық экспериментті модельдеуге мүмкіндік береді, оны қандай да бір себептермен мектептің химиялық зертханасында жүзеге асыру

мүмкін емес (Реактивтердің қымбаттығы, қауіптер, уақыт шектеулері). Компьютерлік модельдер күрделі немесе қауіпті химиялық эксперименттердің көрнекі, есте қаларлық суреттерін динамикада алуға, нақты эксперимент кезінде жоғалып кетуі мүмкін олардың нәзік бөлшектерін шығаруға мүмкіндік береді. Виртуалды оқу экспериментінің маңызды артықшылығы – оқушылар оған бірнеше рет орала алады, бұл материалды неғұрлым берік және терең игеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, виртуалды химиялық эксперименттер тіпті оқытылмаған пайдаланушылар үшін қауіпсіз болып табылады.

Визуализация – әртүрлі құбылыстардың мәнін әлдеқайда оңай және тереңірек түсінуге көмектесетін оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Уақыт өте келе өзгеретін динамикалық объектілер мен құбылыстарды зерттеуде визуализация және модельдеу бағдарламаларының қажеттілігі жоғары деңгейге артып келеді.

Виртуалды зертханаларды пайдалану білім берудегі заманауи перспективалы бағыт болып табылады, ол өзіне ерекше назар аударады.

Жоғарғы білім берудің қолданыстағы оқу процесінде сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті нысандарын кеңінен пайдалануды көздейді, оның ішінде компьютерлік модельдеу жатады. Негізгі жалпы білім берудің нормасына сәйкес, білім беру мекемесі барлық оқу пәндері бойынша интерактивті электрондық мазмұнға ие болуы керек. Виртуалды зертханалар мен эксперименттер жоғарыдағы талаптарға негізделеді, талаптар негізінде виртуалды зертханаларды құру және білім беру порцесінде қолдану оқушылардың немесе білім алушылардың табиғи қызығушылықтарын қалыптастыратын виртуалды мүмкіндікті ұсынады.

Виртуалды зертханалар химияны оқыту тәжірибесінде айрықша орнын алады, дегенмен де оларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері енді қалыптаса бастады. «Виртуалды химиялық зертхана» термині қазіргі уақытта басқа жаратылыстану ғылымдарымен салыстырғандағы нақты және оның мағынасын ашатын анықтама әлі нақтыланған жоқ.

"Виртуал" сөзі (лат. virtualis) – "мүмкін, физикалық емес (визуалный)" деген мағнаны білдіреді. Виртуалды әлем – компьютерлік құрылғылардың көмегімен жүзеге асатын, нақты процестерді елестету арқылы жүзеге асады және оқу мақсатында кеңіне қолданылады. Осыған байланысты виртуалды эксперимент кейде имитациялық немесе компьютерлік деп те аталады. Виртуалды білім беру ортасы-бірыңғай технологиялық құралдарды пайдалана отырып, оқу процесін жүргізуді, оны ақпараттық қолдауды және электрондық желілерде құжаттауды қамтамасыз ететеді.

Виртуалды химиялық эксперимент химиядағы оқу экспериментінің бір түрі ретінде қарастырылады; оның табиғидан басты айырмашылығы-химиялық реакцияалар мен құбылыстарды көрсету немесе модельдеу құралы компьютерлік программа болып табылады, оны орындау кезінде оқушы заттар мен компоненттердің суреттерімен жұмыс істейді,нақты заттардың сыртқы түрі мен функцияларын ажыратады. Виртуалды зертханада виртуалды экспериментті

(демонстрация, тәжірибе немесе зертханалық жұмыс) орындау-оқушы нақты зертханада жүргізуі керек әрекеттерді суимулация арқылы жүзеге асырады.

Қазіргі кезде жаратылыстану пәндерін қашықтан оқыту барысында теориялық білімді берумен қатар тәжірибелік, зертханалық жұмыстарды пайдаланудың маңызы артып келеді. Химия сабақтарындағы зертханалық және тәжірибелік жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың бір түрі болып табылады. Оқушылар тәжірибе жасау арқылы ғылымның негіздерін түсінеді. Жасалынған зертханалық және тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері олардың ойлауын ынталандырады, талқылауға әкеледі, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысады, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттейді, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйренеді, зертханалық жұмыстың нақты дағдыларын дамытады, қорытынды жасауға мәжбүр етеді.

Виртуалды зертханалар – компьютерлік білім беру ортасы арқылы шынайы әлемдегі нысандарды моделдеу немесе үлгілеу арқылы оқыту жүйесі. Ол HTML, DHTML, XML форматында Java-апплет немесе басқа да қосымшалармен бағдарламалық қамтамасыз етудің және гипертекстердің жиынтығы. Мұндағы Java-апплет – байт-код формасындағы Java бағдарламасы тілінде жазылған қолданбалы бағдарлама. Java-апплеттер – виртуалды Java машиналарын (JVM) немесе Sun's Applet Viewer машиналарын пайдалана отырып веб-шолушы қызметін атқарады. Виртуалды зертханалардың теориялық сипаттамасына келсек, берілетін иллюстрациялар оқу кітаптарында берілген суреттерден сапалы әрі оқу құралдарымен жұмыс жасағаннан неғұрлым қолайлы. Оқу материалдарына қажетті анықтамалықтар, кесте, график және т.б. қосымша ресурстарға қол жетімді.

Қазіргі заманауи зерттеушілер түсінігінде виртуалды зертхана ол:

1) қашықтан қол жетімді зертханалық қондырғыларға ие болу;

2) зертханалық тәжірибелерді жасауға мүмкіндік алу;

3) оқыту жүйесі ақпараттық немесе виртуалды Білім беру ортасының бөлігі ретінде, құрамына оқу, оқу-әдістемелік, практикалық, анықтамалық, бақылау-оқыту және бақылау-тестілеу материалдары кіреді.

Химиялық эксперимент химияны оқытудағы маңызды әдіс және нақты құрал болып табылады, ол оқушыларды тек химиялық және физикалық құбылыстармен ғана емес, химиялық әдістермен де таныстырады. Оқушылар немесе студенттер эксперимент барысында байқау қабілетіне ие болады және де талдау, қорытынды жасау, жабдықтар мен реактивтерді пайдалана алады.

Виртуалды зертхана оқу үдерісін оңтайландырады. Осы мақсатта заманауи сандық технологиялардың бірі болып саналатын виртуалды зертханаларды интернет платформалары арқылы ұтымды пайдаланауға болады.

Енді осы виртуалдық зертхананы қолданған бір сабақтан мысал келтіре кетейін. Мысалы 8-сыныпта «Қышқылдар мен негіздердің қасиетін зерттеу» деген 7-8 зертханалық жұмыс бар (Сурет 2-3).



Сурет 1 Виртуалды зертхананың ақпараттық түрлері.



Сурет 2 - «8-11 сыныптарға арналған Виртуалды химиялық зертхана» мысалы.

Виртуальды зертханалардың негізгі құндылығы оның мазмұндылығында жатыр. Сонымен қатар виртуалды зертхана электрондық басылымында есептер шығару және ақпарат дерек көздеріне арналған бөлімдері де бар.



Сурет 3 - Виртуалды зертханалықта есеп шығару үлгісі.

Ендеше, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуальды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді ендіру стратегиясындағы сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

МарГТУ ұсынған электронды білім беру мекемелері қызыметкерлеріне арналған нұсқаулықта зертханалық бөлімге мектептегі химиялық білім беру бағдарламасында көрсетуге және сабақ барысында өткізуге қарастырылған 150-ден астам химиялық тәжірибелер енгізілген. Химиялық тәжірибелер виртуалды зертханада жүргізіледі, оған қажетті химиялық жабдықтар (пробиркалар, колбалар, штативтер және т.б.) мен химиялық реактивтер кіреді. Оқушыларға берілген химиялық жабдықтар мен химиялық реактивтердің құрамы жүргізілетін химиялық тәжірибеге сәйкес анықталады. Химиялық жабдықтар мен химиялық процестерді визуализациялау үшін 3D графикасы мен анимациялары, сондай-ақ сандық бейне қолданылады. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, виртуалды өлшеу құралдарымен қажетті өлшеулерді жүргізу және жүргізілген тәжірибелердің параметрлерін өзгерту мүмкіндігі қарастырылған. Әрбір зертханалық жұмыс барысында оқушы бақылау жүргізеді («виртуалды фотосуреттер» түрінде), «зертханалық журналда» жүргізілген тәжірибелерден алынған нәтижелерді өңдейді және жинақтайды.

Әдебиеттер тізім

1. Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі: диссертациялық жұмыс/Шаймерденова Г.З Алматы-2018ж.-136 б.

2. Научное обеспечение функционирования 12-летнего среднего образования/ Хмель Н.Д; Методология профессиональной подготовки учителя// Матер. междунар. конф.. - Алматы, 2007. -55-60 с.

3. Об использовании виртуальных лабораторий в образовании //Открытое дистанционное образование; Трухин А.В. – 2002.– 300 с.

4. 19 Трухин А.В. Об использовании виртуальных лабораторий в образовании //Открытое дистанционное образование. – 2002. – №4 (8).– 300 с.

5. Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі: диссертациялық жұмыс/Шаймерденова Г.З Алматы-2018ж.-136 б.

6. Лаборатория систем мультимедиа [Электронное издание]//«Химия (8-11 класс) Виртуальная лаборатория Методическое пособие для учителя»;-МарГТУ-2004,128 с.

7. Разработка виртуальной химической лаборатории для школьного образования// М.Н. Морозов, А.И. Танаков, А.В. Герасимов, Д.А. Быстров, В.Э. Цвирко, М.В. Дорофеев;Московский институт открытого образования, Москва, Россия-2004 г.-155-162 с.

8. Ахметова А.Н. Қашықтықтан оқытуда химия сабақтарында виртуалды зертхананың элементтерін қолдану/ Ахметова А.Н.

УДК 378.147

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ниғметаева А.Ж.
Ғылыми жетекшісі: Даутова З.С., х.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
nigmetaevaaiganim@gmail.com

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасында еңбек нарығының қажеттіліктерін, білім беруді дамыту міндеттерін, тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласында үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жоғары білім беру саласының жоғары деңгейіне қол жеткізудің негізгі мақсаты болып көрсетілген. Қазіргі таңдағы қоғам мен мемлекеттің дамуы үшін білімді дамытудың маңыздылығын айқындай отырып, білімді дамытуға бірнеше міндететер жүктелді. Сондықтан да, соңғы жылдары еліміздің білім жүйесін жаңғырту мәселесі үнемі күн тәртібінен түспей, соның ішінде оқытудың мерзімі мәселесі қозғалып, орта білім жүйесін жаңа технологияға негізделген білім беру стандарттары мен жаңа бағдарламалары, оқулықтар жобасы жасалып, олар барлық деңгейде талданып келе жатыр.

Білім – қоғамдық құндылықтардың аса маңыздысы. Білім бар жерде алынбайтын қамал жоқ. Білім мен тәрбие өте тығыз байланысты. Еліміздегі осы заманғы білімдену жүйесі – халыққа сапалы білім беріп, білікті маман даярлаудың бірден – бір жолы – елімізде дуальды оқыту жүйесін енгізу.

Қазіргі кезде оқытудың тиімді жобасы, яғни дуальды оқыту жобасы жоғары оқу орындарында жұмысшы кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдары. Дуальды оқыту кәсіптік техникалық оқу орны мен өндірісте бірге оқыту. Бұның ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға кәсіптік

техникалық жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші, өндірістік мекемелердің де жауапкершілігі артады. Қазіргі кезде еңбек нарығында білікті мамандар тапшылығы болып қол күші жетпей жатады. Біздің жағдайымызда білім беруді ұйымдастыру, яғни жас маманның өндірістік машықтандырудан толық кәсіпті игеруіне жағдай жасап, ол жүйедегі оның мәнін негіздей отырып, миссиясын анықтап, жоғары кәсіби білім беруді дамыту бағытын елеулі түрде өзгертеді. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне қатысты бұл өте өзекті болып отыр.

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінде жаңа құзіреттіліктер мен қабілеттерді игерген, шынайылықты заманауи тұрғыдан қабылдайтын, әлеуметтік ортаның тұрақтылығы мен тепе – теңдігіне позитивті импульс бере алатын, жаңа саналы кәсіпқойлар қажет.

Бірінші кезекте бұл міндет қосарлы бағдарланған тұғырдың негізінде Қазақстан Республикасында педагог мамандарды дайындауды жетілтіруге тікелей бағдарланған жоғары педагогикалық білім берудің алдында тұр.

Бұл заманауи педагогтың оның мамандығымен байланысты құзыреттіліктің аясында уақыт талаптарына жауап беру тиіс екендігін білдіреді. Педагог мамандығы мен педагогикалық қызметтің осындай «идеологиясын» іске асыруды дұрыс түсіну педагогикалық білім беру мазмұнының мақсатты ұстанымдары мен құндылықты бағдарларының өзгеруімен, оқу үдерісіне инновациялық білім беру үлгілерін енгізумен, педагогикалық профильдегі мамандарды дайындаудың педагогикалық технологияларын жетілдірумен байланысты.

Педагогикалық ЖОО-ға дуалды оқыту жүйесін енгізудің негізгі бағыттары, біздің ойымызша, ЖОО, колледж және мектеп оқушылары мен педагогтарының кәсіби қатынасы ауқымын кеңейту, инновациялық тәжірибені жылжыту,педагогикалық бағыттағы мамандардың әлеуметтік маңыздылығын арттыру, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік өніммен қамтамасыз етуде қызметті үйлестіру болып табылады.

Білім беру жүйесінің ішіндегі мазмұнды – құрылымдық өзгерістер мен білім беру салалары мен әр түрлі сатыларында ұйымдар мен педагогтарды кәсіби дайындаудың заманауи жүйесінің маңызды сапалы сипаттамасы болып табылады.

Дуальды оқыту – қазіргі қалыптасқан дағдайда мамандар даярлаудың ең тиімді тәсілі. Тиімділігі алынған теориялық білім оқу шеберханаларында өтетін тәжірибелік жұмыстармен жіне де өндірістік оқыту кезінде бекітілетіндігінен көрінеді. Бүгінгі оқу аудиториясында айтылған сөз ертеңгі күні кәсіпорында қолданылады. Білім берудің дуальды жүйесі дегенде белгілі бір кәсіп бойынша жастарға білім беру оқу орны мен кәсіпорын арқылы болашақ маман құзіреттілігін қалыптастыру жүйесі болып түсіндіріледі, яғни екі мекеме білім беруге қатысады. Бұл үшін студенттің оқу орны мен мамандығына сай кәсіпорын арасында байланыс орнатылуы тиіс. Бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін оқыту жүйесіне инновациялық технологиялар енгізіледі. Бір жақтан бұл кәсіптік

мектеп, ал басқа жақтан – оқытылатын кәсіпорын. Екі мекеме де бір – біріне қатысты тәуелсіз әріптестер болып табылады.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, осы нарық заманында бәсекелестікке төтекп бере алаты, жаңа заманауи технологияларды меңгертіп, жұмысшы мамандарды даярлау. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін – өмірдегі өзорнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Дуальды жүйе оқыту нәтижесіне мүдделі білім беру ұйымдарының мамандарын дайындау үдерісіне қамтуды қарастырады.

Педагогикалық ЖОО-ның көптеген түлектерінің негізгі мәселесі педагогикалық тәжірибенің жетіспеуі болып табылады, яғни, қосарлы оқыту – бұл педагог мамандарды дайындаудың неғұрлым тиімді тәсілі. Тиімділігі алынған теориялық білімдердің оқу мекемелеріндегі тәжірибелік жұмыстармен, сонымен қатар, педагогикалық тәжірибемен бекітілуінде көрінеді.

Педагог мамандарды даулды бағдарланған дайындау – бұл мамандарды дайындау бойынша білім беру және өндірістік салалардың өзара әрекеттесуін білдіретін педагогикалық білім берудің инновациялық типі. Педагог мамандарды қосарлды бағдарланған дайындау білім беруді басқару мен педагогикалық ЖОО-ның өзара әрекеттесуін білдіреді.

Педагог мамандарын дуалды бағдарланған дайындау бағдарламалары ЖОО педагогтары мен мектеп оқытушыларының жетекшілігімен білім беру мекемелерінде нақты жұмыс орындарында іске асыру өзіне үш негізгі компонентті қамтиды:

1) Тәжірибелік және зертханалық сабақтарды;

2) Оқу, өндірістік (педагогикалық) іс-тәжірибені;

3) Аудиториядан тыс жұмысты (экскурсиялар, дөңгелек үстелдер, семинар - практикумдар).

Қазіргі кезде білім берудің арналымы неғұрлым кеңірек қарастырылады, нақтырақ айтсақ: адамның қалыптасуы, өзін, өзінің адами бейнесін, қайталанбас даралығын, руханилығын тану; өмір тіршілігінде коммуникативтілік инфрақұрылымның нысандарымен қамтамасыз етілетін дәстүрлер мен тәрбиенің – мәдениеттің ерекше тұрақты конструкторларының жоғары буындарын игеру. ЖОО-дағы білім берудің маңызын осылайша түсіну Л.С.Выготскийдің, Э.В.Ильенковтың, А.А.Леонтьевтің адам қызметінің әлеуметтік – тарихи тұжырымдаманың идеяларына сүйенеді.

Осыған байланысты, студенттердің тұлғасын дамытуда дуальды оқыту қағидаларын жүзеге асырудың объетивті мүмкіндігі ЖОО-да оқыту тәжірибесіне гуманистік қатынастың коммуникативтік парадигмаларын енгізуде көрінеді. Біздің ойымызша, тұлғааралық қатынас парадигмасы педагогикалық әріптестіктің зерттеу парадигмасымен бірге «дуальды оқыту» терминімен көрсетілерін үдерістің іргетасын қалыптастырады.

Оқу үрдісіне дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы күтілетін нәтижелер аз емес. Олар:

-теория мен тәжірибе сабақтар арсындағы алшақтық жойылады;

-түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі оң шешімін табады;

-оқу орны жұмыс берушінің болашақ мамандарға деген талаптарын үнемі ескеріп отырады;

-жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға,кәсіптік стандарттарда,дуальды оқу жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады;

-дуальды оқу жүйесімен оқыған оқушы белгілі құзыреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады.

Қорыта айтқанда, кадр мәселесін шешуде, маман тапшылығын жоюда дуалды жүйенің пайдасы зор. Бұл жүйе жұмыссыздықты азайтып, халықтың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл, шын мәнінде, заман талабынан туындаған оңтайлы шешім.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.

2. Маханбетова А. Дуалды жүйе - кәсіптік маман тапшылығын жояды // Егемен Қазақстан. – 2013.

3. Жиенбаева Н.Б., Аутаева А.Н., МахамбетоваА.Б. Қазіргі заманғы доғары оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуальды - бағытталған оқытудың теориясы мен практикасы: Оқу құралы, Алматы: ТОО «Лантар Трейд»., 2019. – 165 бет.

ӘОЖ 37

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АҒАРТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Ошанова А.Қ., химия пәнінің мұғалімі
Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы
«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ
e-mail: ainur.oshanova77@maill.ru

Еліміздің білім беру саласы- бүгінгі күні қанатын кеңге, тамырын тереңге жайып келе жатқан ерекше сала. Себебі, мына дамыған заманда әрбір азаматтың бойында бәсекеге қабілетті жаңашылдық бар. Әр күн сайын бірнеше жаңалықтың тұсауы кесіліп жатады. Әрине, мұның барлығы сонау тарихқа көз жүгіртер болсақ, ел болашағы үшін шырылдап «Кел, балалар, оқылық!»-деп қазақты оқу, білімге шақырған Ыбырай Алтынсарин, тұңғыш рет қазақ әліпбиін

дүниеге әкелген Ахмет Байтұрсынұлының, «Оян, қазақ!»-деп ұрандатқан Міржақып Дулатовтардың салған ізі. Соның ішінде алғаш рет қазақ жерінде, қазақ балалары үшін қоңырау үнін естірткен, қазақ халқы мәдениетінің тарихынан көрнекті орын алатын қайраткерлерінің бірі, халқымыз-дың мақтанышы, демократиялық бағыттағы ағартушы, тұңғыш педагог, ақын-жазушы ЫбырайАлтынсарин. Ол орыс халқының кең арналы білім бұлағынан сусындады. Өзінің алған білімін туған халқына тарту етіп, қазақ елі үшін оқу-ағарту саласындағы еңбек сіңірді.Бүгінгі білім беруді реформалау, ізгілендіру, ұлттық ұстанымдарды жүзеге асыру мақсаттарын - ұлы ұстаз ЫбырайАлтынсариннің ағартушылық – педагогикалық мұрасынан көре аламыз.Білім сапасы мұғалімге байланысты. Оқыту мен тәрбиелеуде басты күш – ұстаз тұлғасы. ЫбырайАлтынсарин айтқандай «Халық мектептері үшін мұғалім бәрінен де қымбат болып табылады. Олармен ешбір керемет педагогикалық басшылық та, мұқият инспекторлық бақылау да тенесе алмайды». ЫбырайАлтынсарин өзінің ардақты борышын – халқының көзін ашу, қазақ балаларына өнер-білім беру - деп түсінген.Осы жолда 30 жылдай аянбай ағартушылық еңбек еткен.

Ұлы ұстаз өз еңбектерінде мұғалім өз шәкірттерін сүйе білуі, олардың ата-аналарын құрметтеу, тәрбиелі болуы туралы құнды пікірлер айтқан.ЫбырайАлтынсариннің ағартушы-педагог ретіндегі негізгі ұстанымы – ізгілік пен адамгершілік, гуманистік көзқарас, балаға жылы жүрекпен қарау, мұғалім мен оқушының өзара түсінікті қатынаста болуы принциптері. XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің стратегиялық дамуында ЫбырайАлтынсариннің идеялары құнды орын алады. «Мектеп-қазақтарға білім берудің басты тұтқасы деп атап көрсетті. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. "Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды". Біздің мақсат ұлы ұстаздың ой-пікірін түсіндіріп қою емес, оны өнегелі тұлға тәрбиелеу ісінде әрекет арқылы өмірмен байланыста пайдалану, оқыту үрдісінде басшылыққа алу. «Оқытушыларды бағалағанда,-деп жазды Ы. Алтынсарин, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни нақты жауабына қарай бағалау қажет» Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. - қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдыңпедагогикалықидеялары жатыр деуге болады. Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп,толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру;Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ащу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология әлементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны

кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық иделарының өміршендігін-байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған. Өз іс-тәжірибемнен мысал келтіре кетсем,химия пәнінен «Сутек. Алынуы.Қасиеттері мен қолданылуы» тақырыбындағы ашық сабақ өткіздім.

Сабақтың мақсаты:

8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу

Ұйымдастыру кезеңінде оқушылар үш тілде амандасып, «Амандасу» тренингінен кейін «Қораптағы конфеттер» әдісі арқылы 3 топқа бөлдім.

Үй тапсырмасын тексеру мақсатында «Графикалық тест» алынды. Дұрыс жауабы таратылып, дескриптор арқылы тексерілді.

Жаңа білімді меңгеру кезеңінде оқушыларға жұмбақ жасырдым. Жауаптарын оқушылар өздері тауып, жаңа сабақтың тақырыбын ашты.

1-топқа «Протий» тобына сутектің табиғатта таралуы, физикалық қасиеттерін сипаттау «Өрмекші» әдісі арқылы сұралды. Онда топпен бірлесе жұмыс жасай отырып жақсы қорғап шықты.

2-топқа «Дейтерий» Суттегінің жалпы сипаттамасына «Төлқұжат» әзірлеп жалпы периодтық кестедегі орны, изотобы туралы айтып берді.

3-топқа «Тритий» сутегінің өндірісте, зертханада алынуын «Екі жақты күнделік» әдісі арқылы сипаттап берді. Кипп аппаратымен сутегін алу туралы толық мағлұмат берді. Әрбір топ шапалақ арқылы бір-бірін бағалады.

Қазіргі кездегі экологиялық жағдайды қозғай отырып «Сутегі болашақтың отыны» тақырыбында шығармашылық тапсырманы орындап келген оқушылар өз ойларын тартымды пікірлерімен жеткізе білді.

«Есептей білсең есің түгенделеді» деген мақсатпен әр топ оқушыларына есептер таратылды. «Протий» тобына берілген масса бойынша зат мөлшерін табу. ««**Дейтерий»** тобына берілген масса бойынша молекула санын табу, **«Тритий»** тобына сутегінің ауа бойынша тығыздығын табу берілді. Топ жетекшілері топ оқушыларымен бірлесе жұмыс жасай отырып,есептерін шығарды. Әр топ оқушыларына есептер шығару алгоритмі ұсынылды. Сол алгоритм бойынша әр топтың есептері тексеріліп, қорытындыланып, бағаланды. Кеткен кемшіліктер ескертіліп, түзетулер енгізілді.

Оқушылармен ойын сергіту мақсатында «Атомдар мен молекулалар» атты сергіту сәтін орындаттым. Оқушылар жоғары көңіл күймен бойларын сергітіп алды.

Сабақ барысындағы алған білімдерін тексеру бойынша оқушыларға қалыптастырушы бағалау парағы таратылды. Әр тапсырма дескрипторы берілген сол бойынша оқушылардың жаңа сабақтары түсіну деңгейлері анықталды.

Жетістік баспалдағы арқылы оқушылар білімдерін саралап стикерлерді баспалдақ бағанына жапсыру арқылы өздерін бағалады.

«Белгілер әдісі» бойынша сынып оқушыларымен кері байланыс жасалды. Көңілсіз, қызықсыз болды, сұрақтарым бар, сабақта берілген тапсырмаларды орындадым, көңілді қызықты болды, тақырыпты түсіндім, жаңа мағлұматтар білдім бөлімдері бойынша стикерлер жапсыру арқылы кері байланыс жасады.

Бүгінгі сабақ өз мақсатына жетті деп ойлаймын. Топтар арасында жүргізілген жұмыстар сәтті шықты. Оқушыларға өткізілген сабақ ұнады. Белсене қатысып отырды.

Нәтижесін SWOT талдауы арқылы көрсетейін:

Оң нәтиже көрсеткен жақтары:

1. Топпен жұмыс жасауға дағдыланды
2. Топ ішінде жағымды атмосфера туғыза алды
3. Кері байланыс жасауға дағдыланды
4. А,В,С оқушылар өз деңгейлерін көрсетті

Әлсіз жақтары:

1.Тапсырмаларды орындауда уақытта тиімді пайдалана алмады

2.Топтық жұмыс кезінде оқушылардың сөздік қорының тапшылығы

Мынандай басымдықтарды басшылыққа аламын:

Топтық тапсырмаларды уақытында орындатуға дағдыландырамын

Оқушылардың сөздік қорын молайту үшін термин сөздіктермен жұмыстарды жандандырамын.

Көшбасшылық қабілеттерді дамытамын.

Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа техналогия әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатына сай құрылуы тиіс деп атап көрсетті. Жеке адамның қалыптасуына табиғи және әлеуметтік орта ықпал жасайтынын ескерсек, берілетін білімді ізгілендіру, әсіресе химия мазмұнын осы бағытта жүзеге асыруда мүмкіндіктері молдығын байқаймыз. Химия жаратылыстану ғылымының цикліне жататын оқу пәні болғандықтан, оқушылардың санасында дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Химияны оқыту әдістемесінде оқу материалын меңгеру барысында ойын әрекетіне үлкен көңіл бөлінеді. Ойын іс-әрекеті оқушылардың өздігінен білім алуында кеңінен қолданылады.Қызықты тәжірибелерді көрген оқушыда қызығушылықтан әртүрлі сұрақтар туады. Одан әрі сол сұрақтың жауабын табуға ынталанады. Нәтижесінде оқушының химия пәніне деген қызығушылығы артып, ынтасы дамиды. Қызықты тәжірибелердің «кілтін» немесе мәнін бірден айтудан гөрі оқушылардың өзіне ойландырып айтқызған дұрыс. Нәтижесінде өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптаса отыра, оқушының білім сапасы көтеріледі,, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға

бағыт беріле отырып, оқушы құзырлығын дамиды. Қазақ топырағында тәрбиеші ұстаз, мұғалімдер жөніндегі небір жүрек тебірентерлік тың ойлар, аталы сөздер де Алтынсарин аузынан бірінші естілген еді. Ыбырайдың да алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш- қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараның шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік**.**Сонымен, Ы.Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға еңбек сіңірген ұстаз. Өз баяндамамды Ы. Алтынсариннің даналық сөзімен қорытындылаймын: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырағы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер, ол – даналықты жүректен ұға білу болып табылады» – деген екен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Өнер - білім бар жұрттар. Алматы, 1989 ж.

2.А. Мырзабаев. Н. Тұрбекова. Химиядан кластан тыс жұмыстар және танымдық ойындар, 1993.

3.Сыздықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.

4. Ғаламтор материалдары.

УДК 546.06

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОКИСЛИТЕЛЬНО-ВОССТАНОВИТЕЛЬНЫХ РЕАКЦИЙ В ПРИЛОЖЕНИИ К МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИМ ТЕХНОЛОГИЯМ

Реутова Г.А., Серая Н.В.
Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: greutova.42@mail.ru, NSeraya@mail.ru

«Плохой педагог преподносит только истину,
хороший – учит её находить»
А. Дистерверг

Развитие науки и образования есть смена парадигм, различающихся методов мышления. Мышление, отвечающее логически заданным стандартам, называют «шаблонным», имеющим высокую вероятность предсказуемости. Высшей ценностью обладают трудно прогнозируемые маловероятные утверждения. Отклонение от стандартного мышления, исключения из правила,

указывают о других возможностях решения задач (проблем), предусмотренных законами науки; любой успех нашего познания ставит больше проблем, чем решает, именно это открывает путь к новым непредвиденным открытиям.

В условиях современных глобальных вызовов науке и образованию, обучение требует от преподавателя не только передачу информации (её доступность в цифровом мире не вызывает проблем), а умение использовать логические пути её доказательства, тем самым, понять смысл информации.

Предлагаемый в статье научно-образовательный материал рассматривает окислительно-восстановительные реакции (ОВР) с нестандартным использованием нового термина «элементо - электронный» баланс совместно с классическим ионно-электронным балансом, подчиняющихся закону электронного баланса в системе: количество электронов в системе до реакции, при протекании реакции равно количеству электронов в системе после реакции. Это означает: изменение условных зарядов элементов в соединениях в результате реакции выравнивается электронным фоном постоянства общего количества электронов в системе.

Класс ОВР характеризуется обязательным условием изменения условного заряда хотя бы одного из атомов элементов в результате реакции. Изменение условного заряда элементов как критерий ОВР: окислитель принимает электроны, приобретая меньший условный заряд при переходе в новое соединение в результате реакции; восстановитель отдает электроны атомам элементов в новом соединении - продукте реакции, имеющим большую электроотрицательность.

Классические термины: степень окисления, степень окисленности, окислительное число элемента в соединении не являются корректными, что аргументируется простым примером: условный заряд элемента понижается при присоединении электронов (элемент с большей электроотрицательностью), процесс восстановления оценивается как «степень окисления»). Глинка Н.Л. в учебном пособии «Общая химия» [1] не использует термин «степень окисления», заменив его термином «степень окисленности», но и это определение условного заряда не выдерживает научной критики как не совсем корректное определение.

В теории электронного баланса: общее количество электронов в системе с участием химических реакций постоянно: локальное условное смещение электронов, определяющих условный заряд элементов, связано с изменением химического состава веществ, в которых элемент окислитель до реакции, по определению является восстановителем в веществе - продукте реакции. Соотношение взаимностей атома элемента (до и после реакции) при переходе в новое соединение определяет его как окислитель при понижении его заряда в продукте реакции («принимает электроны») и как восстановитель при повышении условного заряда в продукте ОВР («отдает электроны»).

На конкретных примерах металлургических технологий извлечения металлов и их соединений из металлсодержащих материалов; их разделения и рафинирования до получения металлов заданной степени чистоты аналитический контроль в металлургии предлагает ОВР процессы как основу

металлургических расчетов при выборе перспективных технологий и проектировании рабочего регламента металлургических операций. Большая часть химических реакций металлургических процессов относится к типу ОВР, уравнения которых подчиняются одновременно стехиометрическому, материальному, электронному и эквивалентному балансам реакционной системы. Балансы химических реакций подтверждают научное и методическое значение законов сохранения материи и движения, определяя их исключительную общность и универсальность. Любые прикладные задачи в металлургии (химии, химической технологии) для процессов, протекающих с участием химических реакций, выполняются только по уравнениям химических реакций при любых прогнозируемых схемах возможных реакций.

Электронный баланс не зависит от обратимости и позволяет определить состав реакционной смеси в любой момент времени процесса; степень превращения исходного реагента; селективность его превращения по отношению к целевому компоненту (металлу).

Авторы статьи предлагают (используют в научной практике расчета по уравнениям металлургических реакций) принимать (определять) условный заряд атомов элементов в соединении разными способами (вариантами) при обязательном выполнении электронейтральности молекулы соединения**.** Метод электронного баланса используют при составлении элементо - электронного баланса и ионно-электронного баланса.

В *первом варианте* - используется численные значения электроотрицательности элементов в соединении - условный заряд атома элемента в соединении принимается 100% смещением валентных электронов к элементу с большей электроотрицательностью с приобретением отрицательного заряда этим элементом и положительного заряда - элементом, отдавших электроны при смещении; для элементов простых веществ заряд равен нулю по определению.

Второй вариант - для сложных соединений (химические формулы минералов: Cu_5FeS_4, $Cu(CN_3)_2(CN)_2$, $K_2AI_6S_4H_{12}O_{28}$, C_2H_5OCSSK), органических соединений $C_xH_yO_z$) уловный заряд всех элементов соединения удобно принять равным нулю. Обязательное условие: электронейтральность молекулы соединения.

Третий вариант - использовать любые (удобные для расчета) условные заряды атомов. Обязательное условие: электронейтральность молекулы соединения.

В общем случае, при определении стехиометрических коэффициентов в ОВР все три варианта равносильны. При оценивании и выборе окислителя и восстановителя в реакции для металлургических расчетов необходимо выбирать элементы с большей относительной окислительной способностью. Реакционная система остается электронейтральной, общее число электронов не изменяется (электронный баланс).

Наглядный пример использования метода электронного баланса при разных вариантах условных зарядов мышьяка и водорода в соединении «арсин»

- гидрид мышьяка, арсенид водорода, учитывая равные значения электроотрицательности этих элементов [1]. Кондиционирование упорных мышьяксодержащих руд и концентратов золота обеспечивает разрушение сульфидной матрицы и освобождение вкрапленного золота для последующего его цианирования. При окислительном обжиге арсин переходит в оксиды, в частности, в оксид мышьяка (III):

$$2AsH_3 + 3O_2 = As_2O_3 + 3H_2O$$

Подтверждение стехиометрических коэффициентов методом электронного баланса. Определяем условный заряд атомов элементов в соединениях. Для элементов: в молекуле воды и оксиде мышьяка H^{+1}; O^{-2}; As^{+3}; простое вещество - O_2^0. Численные значения электроотрицательности элементов As и H имеют почти одинаковые значения, 2,18 и 2,2 соответственно.

Первый вариант: $2As^{+3}H_3{}^{-1} + 3{O_2}^0 = {As_2}^{+3}{O_3}^{-2} + 3{H_2}^{+1}O^{-2}$

$$6H^{-1} - 12e^- = 6H^{+1}$$
$${3O_2}^0 + 12e^- = 6O^{-2}$$

Второй вариант: $2As^0{H_3}^0 + 3{O_2}^0 = {As_2}^{+3}{O_3}^{-2} + 3{H_2}^{+1}O^{-2}$

$$6H^0 - 6e^- = 6H^{+1}$$
$$2As^0 - 6e^- = 2As^{+3}$$
$${3O_2}^0 + 12e^- = 6O^{-2}$$

Третий вариант: $2As^{-3}{H_3}^{+1} + 3{O_2}^0 = {As_2}^{+3}{O_3}^{-2} + 3{H_2}^{+1}O^{-2}$

$$2As^{-3} - 12e^- = 2As^{+3}$$
$${3O_2}^0 + 12e^- = 6O^{-2}$$

Указанные варианты отвечают требованиям метода электронного баланса и в равной степени могут быть использованы при составлении электронных уравнений к любой ОВР.

При аналитическом контроле металлургического сырья и продуктов металлургической переработки, включая продукты обогащения полезных ископаемых на содержание хлора, подготовка пробы для анализа связана с обработкой навески пробы разбавленной азотной кислотой в качестве растворителя – окислителя (кислотное выщелачивание), либо обработкой пробы раствором карбоната натрия (содовое выщелачивание). Кислотный способ наиболее универсальный для извлечения компонентов из различных продуктов, включая Pb, Hg и Ag - содержащих. Для анализа окисленных руд, промпродуктов (кеков, пылей, вельцокислов металлургического производства), хвостов обогащения предлагается содовое выщелачивание. Расчет количества растворителя выполняется по уравнениям ОВР с учетом их молярной концентрации в водном растворе [2].

На примере ОВР азотной кислоты с компонентами пробы - перевод металлов (Cu, Ni, Zn, Fe) в раствор осуществляется по уравнениям химических реакций металла с концентрированной (1) и разбавленной азотной кислотой (2-4), в частности, для цинка:

$$Zn + 4HNO_3 = Zn(NO_3)_2 + 2NO_2 + 2H_2O \quad (1)$$

$$3Zn + 8HNO_3 = 3Zn(NO_3)_2 + 2NO + 4H_2O \quad (2)$$

$$5Zn + 12HNO_3 = 5Zn(NO_3)_2 + N_2 + 6H_2O \quad (3)$$

$$8Zn + 18HNO_3 = 8Zn(NO_3)_2 + 2NH_3 + 6H_2O \quad (4)$$

Уравнения химических реакций служат основой для научного расчета оптимальной молярной концентрации реагента-растворителя; теоретическим обоснованием ожидаемого результата аналитического контроля и, соответственно, выбора метода и природы оптимального растворителя (титранта) в аналитическом контроле.

Выщелачивание медных концентратов может быть представлено реакцией взаимодействия халькопирита с разбавленной азотной кислотой (5) и суммарной реакцией взаимодействия халькопирита азотной кислотой, концентрация которой в интервале от разбавленной до концентрированной с одновременным образованием монооксида и диоксида азота (6):

$$6CuFeS_2 + 22HNO_3 = 6Cu(NO_3)_2 + 3Fe_2O_3 + 12S + 10NO + 11H_2O \quad (5)$$

$$8CuFeS_2 + 36HNO_3 = 8Cu(NO_3)_2 + 4Fe_2O_3 + 16S + 10NO_2 + 10NO + 18H_2O \quad (6)$$

Расчет по уравнениям (5), (6) связан со стехиометрическими коэффициентами, при нахождении которых методом электронного баланса предлагаемые варианты определения условных зарядов равносильны.

Выбор избирательных растворителей при химическом фазовом анализе продуктов металлургического производства на соединение меди связана с расчетом по уравнениям ОВР.

В практике аналитического контроля подтверждена возможность применения классических методов аналитического контроля металлургических проб на содержание соединений меди с использованием избирательных растворителей продуктов металлургической переработки.

Предложен вариант извлечения оксида меди - куприта (Cu_2O) в присутствии тенорита (CuO), ковеллина (CuS), борнита (Cu_5FeS_4), халькозина (Cu_2S) и халькопирита ($CuFeS_2$), но в отсутствии сульфатных и хлоридных фаз определения металлической меди при химическом фазовом анализе на стадии разделения фаз. Использован раствор хлорида натрия (25% по массе) с лимонной

кислотой в качестве селективного растворителя. Добавление окислителя - азотной кислоты обеспечило образование функциональных групп – NO и NO_2, замещающих водород в лимонной кислоте и определяя ее селективные свойства. ОВР определяют механизм определения содержания компонентов, тем самым выполняют научный расчет расхода реактивов, включая выполнение качественного анализа [3].

Список литературы

1. Глинка Н.Л. Общая химия, Ленинград, Химия, 1988, 702с.
2. Боровикова Е.В., Байгабулова Н.Р., Жолдинова К.Х. Определение «активного» и общего хлора в растворах выщелачивания золотосодержащих материалов / Научные основы и практика переработки руд и техногенного сырья: материалы XIX Междунар. Научно-технич. конференции - Екатеринбург: Изд-во «Форт Диалог-Исеть», 2014. - 367 с.
3. Бондарева Т.Н., Масанина А.В. Исследование возможности одновременного определения As, Sb, Cd, Zn, Cu, Fe, Pb, Ni, Co, Mn в рудах и продуктах металлургического производства. Сб. научн. тр. / ВНИИцветмет. - 2015. - С.78-83.

ӘОЖ 372.016

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЖЕТІ МОДУЛЬДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Серікбекова Ш.Р.
Ғылыми жетекшісі: Шарипханова А.С., биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан, shyryn2899@mail.ru

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердегі оқытуды модульдік технологиялар арқылы жүргізудің әдістері, оның артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған. Модульдік технологияны пайдалана отырып, биология пәнін оқыту – өте тиімді. Модульдік технология арқылы оқытудың негізгі ерекшелігі, оқушы толығымен өзіндік жұмыс жасай отырып, тақырыпты танып білуге барынша өзінің күш-жігерін жұмсау арқылы ұмтылады, яғни мұнда берілген тапсырманы оқушының өз бетімен игеруіне ерекше мүмкіндік береді. Білім беруде оқытудың ерекшелігіне сүйене отырып, оқушылар мен оқытушы арасындағы психофизиологиялық қарымқатынасқа аса назар аударуды баяндайды.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Аталған мақсаттарға жету үшін жалпы білім беретін оқу орындары оқытудың әр түрлі технологияларын қолдана алады. Осы стандартта

белгіленген талаптарды нақты жағдайларда мүмкіндігінше жүзеге асыру үшін олар оқытудың, тәрбиелеудің, оқу процесін бақылаудың түрлерін, құралдарын және әдістерін өздері таңдауға құқылы», – деп атап кеткен. Сондықтан әрбір педагог үшін сапалы білім беруде, сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден гөрі, оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін қолдана отырып өткізу тиімді.

Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін [1].

Біз сөз қылып отырған жаңа технологияларды жалпы білім беретін мектептегі биология пәнінің оқытылуындағы қолданысына тоқталсақ:

Алдымен, пәнге қысқаша сипаттама: биология пәні – бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы қарымқатынас түрлері жайында ғылыми саламандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады [2].

Осы пәнді оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану – оқушылардың сабақ барысындағы алған жаңа ақпаратты көзбен көру арқылы есте сақтай отырып, ақыл ойын дамытуына үлкен септігін тигізеді [2]. Заманауи педагогикалық технология үш топқа бөлінеді: мәселелі, дидактикалық-ойын немесе топтастырып оқыту және модульдік технология.

Қазіргі замандағы оқыту үдерісінің ұтымды технологияларының бірі ретінде – модульдік технология ұсынылады. Олай болса, модульдік технологияға қысқаша тоқталсақ: модульдік оқыту – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқытудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді [2]. Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған,дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы

Модульдік технологияны оқыту кезінде қолдану оқушылардың өзіндік талаптарын шабыттандырады: оқушылардың өзін-өзі оқыту, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау және т.б. мүмкіншіліктері артады.

Модульдік оқытуды қолдану үшін қажетті талаптар:

– мұғалім дайындығының өз деңгейінде болуы;

– оқытудың жаңа технологиясымен сабақ өткізуге деген құштарлығы;

– оқушылардың өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауға дайындығының жоғары болуы.

Модульдік оқыту мен басқа жүйелер арасындағы негізгі айырмашылықтары:

1) оқу мазмұны аяқталған өзіндік кешендерде ұсынылып, оны меңгеру белгіленген мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады. Мақсат білім алушы үшін қалыптастырылады және зерттелетін мазмұн көлемін көрсетумен шектелмей, оны меңгеру жолдарын көрсетеді. Бұдан басқа, оқушы мұғалімнен тапсырманы орындау туралы жазбаша түрде кеңес алады;

2) мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы өзгереді. Ол модульдер арқылы жүзеге асырылып, басқарылатын – оқушы және басқарушы – мұғалім арасындағы жеке байланыс процесі жүреді;

3) оқушы көп уақыт өз бетімен жұмыс істейді, мақсаттарды қоюды, өзінің жұмысын жоспарлауды, өзін-өзі ұйымдастыруды және өзін-өзі бақылауды үйренеді;

4) оқушыларға жеке кеңес беру проблемасы, дозаланған көмек беру болмайды [2]

Модульдер үш типке бөлінеді:

-танымдылық, ғылым негіздерін оқытуда қолданылады;

-операциялық, іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру және дамыту үшін қолданылады;

-аралас, алғашқы екеуін қамтиды.

Модульдік оқыту барысында өзіндік жұмысқа барынша көп уақыт бөлінеді,. Оқушы мақсат қоюға, жоспарлауға, ұйымдастыруға, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Бұл оған оқу әрекетіндегі өз күшін байқап, сезінуге, өзінің білім, білік, дағдыларындағы кемшіліктерін табуына мүмкіндік береді.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану оқытуды субъект қатынасына негіздеп құруға көмектеседі.

Модульдік оқыту технологиясын сонымен бірге бақылау, талдау және түзетуді өзін өзі басқарумен үйлесімдікте іске асырады:

-жаңа модульмен жұмыс жасауға дайындық деңгейі қандай екенің білу үшін әрбір модуьді бастамас бұрын оқушылардың білім, білік, дағдыларын алдын ала бақылау жүргізіледі;

-қажет болған жағдайда оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысы жүргізіледі;

-әрбір модульдің құрамдас бөліктерінің соңында өзін өзі бақылау, бірін-бірі бақылау, үлгімен сәйкестендіру түрінде ағымдық және аралық бақылаулар өткізіледі;

-қорытынды бақылау модульдің соңында жүреді.[5]

Оқу материялдарының мазмұның құру барысында оқу пәнін мұғалім белгілі бір жүйе ретінде қабылдауы тиіс. Логикалық құрылымды талдау графасы мұғалімге аталған модульді меңгерту кезінде оқушыларда қандай арнайы, пәндік білік, дағдылар қалыптасуы керек және оны игеру процесін жеңілдету үшін

қандай жалпы білік, дағдылар қолданылатының анықтауға көмектеседі. Қажетті біліктер мен дағдылар жүйесі оқушылардың жаңадан иергендерімен қоса, бұрынғы білік, дағдыларына сүйеніп қалыптасады. Оқушыда бұрыннан бар білік дағдылар танымдық іс әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеру үшін негіз болып табылады. Оқу материялдарын модульде орналастыру, баяндау жүйесі оқушыларда іс әрекеттің жалпылама тәсілдерін құрастыру үшін жағдай туғызады. Нақтылы бір бала үшін жаңа болып табылатын маңызды білік, дағдылар туралы ақпараттар модульдің мазмұнына еңгізіледі. Бұл мағлұматтар әр түрлі әрекеттеріне арналған бағдарлық негіз түрінде беріледі. Ол оқу іс әрекетін күтілетін нәтижеге ғана бағдарлап қоймай, осы нәтижеге қол жеткізетін тиімді әдістерді іздеуге де көмектеседі. Бұл оқушылардың іс әрекетте шығармашылықпен қарауын дамытып, модульдік оқыту процесінде өздігінен жұмыс істеу, білім алу деңгейін жоғарылатады. Мұны іске асыру модуль мазмұның құру кезінде белгілі бір шарттар ескерілген жағдайда мүмкін болады.[5]

Біз бұл мақалада модульдік технологияны жалпы білім беретін мектептердегі биология пәнін оқытуда пайдалана отырып, анықталған технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтпақпыз. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Теректібұлақ ауылы, "Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің "Теректібұлақ орта мектебі" КММ" 9 сынып оқушыларына 2021-2022 оқу жылының қыркүйек-қазан айларында модульдік технологияны пайдалана отырып сабақ өткізілді. Бұл тәжірибе салыстырмалы түрде жүргізілді. Модульдік технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізу, «Жасуша құрылымы мен қызметі» тарауын қамтиды. Бұған дейінгі «Жасушаның химиялық құрамы мен оның құрамындағы органикалық заттар» тарауы дәстүрлі сабақ жоспары бойынша өткізілді. Бұл тәжірибеде алынған нәтиже алдыңғы тараудағы алынған нәтижемен салыстырыла отырып, қорытынды жасалды.

Модульдік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытудағы шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Мысалы: А деңгейі үздік оқитындар үшін, В деңгейі – орташа, С деңгейі қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушыларға арналады. Мазмұндау бөліміндегі білім дәрежесін бағалауда өзін-өзі бағалау әдістері пайдаланылады. Дарынды балалар сабақта міндетті түрде, үнемі аса жоғары күрделірек деңгейде жұмыс істейді, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Көшбасшылық (лидерлік) қабілеттері бар оқушылар «топ жетекшісі» рөлдері арқылы өздерін танытады.

Пысықтау бөлімі бойынша орындалған тапсырмалардың нәтижелері арқылы жинақталған,оқушылардың балдық жүйесін, бағалық жүйеге алмастырамыз (ең жоғары балл – 30 балл): 25-30 балл аралығы – өте жақсы, 18-25 аралығы – жақсы, 10-18 аралығы – қанағаттанарлық, 1-10 аралығы – қанағаттанарлықсыз деп бағаланды.

Біз зерттеп отырған сынып оқушыларының көрсеткіштері: өте жақсы көрсеткіш танытқандар – 9 оқушы, жақсы көрсеткіш танытқандар – 10 оқушы,

қанағаттанарлық деңгейдегі оқушы саны – 4, қанағаттанарлықсыз деңгейдегі оқушылар саны – 0.

Бастапқы ғылыми идеялар:

1. Модульдік оқыту іс-әрекет қағидасына негізделеді: оқушы кездейсоқ емес, жүйелі түрде белсенді оқу ісінің субъектісі болған кезде ғана білім беру мазмұны саналы түрде меңгеріледі. Сондықтан, мұғалім тапсырмаларды жасағанда оқу құрамына сүйеніп, оқушыларды оқу қызметінің мақсатына бағыттайды, оны қабылдауды ынталандырады, оқушының өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау жүйесін анықтайды, осылайша өзін-өзі басқаратын, рефлексиялық оқу процесін қамтамасыз етеді.

2. Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген: егер оқушы мұғалімнің немесе сыныптасының көмегі арқылы тапсырманы орындайтын болса (көтермелеу, бағдар белгілеу және т.б.), онда ол жақын даму аймағында орналасқан. Бұл тәсіл баланың ақыл-ой функцияларының жетілуіне ықпал етеді: бүгінгі күнде өзгелердің көмегімен жасайтын әрекетін, ертең өздігінен жасайтын болады, яғни бір цикл аяқталып, оқушы нақты даму аймағына өтеді, іс- әрекет жаңа деңгейде орындалады. Модульдік білім беру оқушыға көмек көрсету мөлшерін және дозасын саралау арқылы, сондай-ақ әр түрлі формадағы (жеке, топтық, тұрақты және ауысымдық) оқыту ісшараларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Модульдік технологиялар бағдарламалық оқытуға негізделген. Оқушылардың іс-әрекеттерінің нақтылығы, қисындылығы, белсенділігі мен дербестігі, жұмыстың жеке қарқыны, нәтижелері (аралық және соңғы) жүйелі түрде салыстырып тексеру, өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау сынды бағдарламаланған тәсілдің ерекшеліктері модульдік оқыту технологиясына да тән.

4. Технологияның қарқынды сипаты оқу процесін оңтайландыруды талап етеді, яғни, күш-жігерді, уақыт пен құралдарды аз жұмсау арқылы жақсы нәтижеге жету [3].

Мұғалімнің және оқушының әрекеттері жүйелілігімен сипатталады.

Модульдерді әзірлеу танымал қағидаттарға негізделуі керек:

- оқыту элементтерінің жеке дидактикалық мақсаттарының жиынтығы модульдік бағдарламаның кешенді интеграцияланған мақсатына жетуді қамтамасыз етеді; барлық модульдердің интеграцияланған мақсаттарын жүзеге асыру өз кезегінде модульдік бағдарламаның кешенді дидактикалық мақсаттарының орындалуына әкеледі;

- жүзеге асырылған кері байланыс білімді меңгеру үдерісін басқару және бақылау негізі болып табылады. Бұл жағдайда, оқытушы жүзеге асыратын кіріс және шығыс бақылауы қатаң болып табылады, ал ағымдағы және аралық бақылау (оқу элементтерінің қиылысында) – оқушылардың өзіндік және өзара бақылауы түрінде жүзеге асырылады;

- оқу және дидактикалық материалдар түсінікті, атап айтқанда, нақты, әсерлі сұхбат түрінде ұсынылады;

- модульді құру кезінде білім алушылардың білімін меңгеру логикасы сақталады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қолдану, жалпылау және жүйелеу;

- модульдің құрылымы оқу сабақтарының логикасына сәйкес келуі керек.

Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, отансүйгіштікке, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың ойлау, елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынтасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі. Әр оқушының кемінде мемлекеттік стандарттық деңгейде білім алуына кепілдік береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Торманов Н. Модульдік технологияны пайдаланып оқыту ерекшеліктері. – Алматы, 2013.

2. Торманов Н. Мәселелі оқытудың басты талаптары. – Алматы, 2013.

3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы, 2013, -4,5 бет

4. Третьяков Н.И. «Технология модульной обучении в школе».–
Москва: «Новая школа», 2014.

5. https://www.tarbie.kz/24148

УДК 378.4.016.02:54

ОРТА МЕКТЕПТІҢ ХИМИЯ САБАҒЫНДА СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАРДЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сулейменова А.С., Шаихова Б.К.
Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к.
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Казақстан, e-mail: bshaikhova@mail.ru

Сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие беру мәселелерін әртүрлі бағыттарда қалыптастырып, дамытуды ғалым – педагог-психологтар өз үлестерін қосты. Атап айтсақ, сыныптан тыс жұмыстардың қалыптасу даму тарихындағы ерекшеліктер (Н.К. Беспятова, А.Т. Малый, Л.П. Матковская, М.Б. Коваль, Б.И. Каюмов, Ф.А. Фрадкин, В.А. Капранова [1]. Қазақстандағы сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мәселесін тереңдете қарастыруда және оны қажетті деректермен байытуда Қазақстандағы мәдени ағарту жұмыстары мен мәдени құрылыстарына байланысты белгілі бір

жекелеген тарихи кезеңдерге арналған тарихшылардың (С.Б. Байшиев, Р.Б. Сүлейменова, Х.Бейсенов , М. Абдукадирова, В.Г. Макаров, Б.А. Амантаева, Е.Ш. Қуандықов, А.Ғ. Ибраева және т.б.) еңбектерінің маңызы зор [2].

Сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың сабақта алған білімін тереңдетеді, саламандық біліктер мен дағдылар алуына жәрдемдеседі. Ірі ғалымдардың өмірінен, ғылымға шексіз берілуінен үлгі – өнеге алады, ашқан жаңалықтардың мәнін және маңызын түсінеді. Химияның және химия өнеркәсібінің жетістіктерімен, еңбек адамдардың қажырлы істерімен танысу оқушыларда мақтаныш сезімін тудырады, саламандық істерге тікелей араласуға құлшындырады. Еңбекті кадірлеуге, бастаған ісін ақырына дейін жеткізуге, өздігінен жұмыс істей білуге үйретеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері, мазмұны және әдістері сабақтағыдан өзгеше болып келеді. Олардың мазмұны бағдарлама арқылы шектелмейді, мектептің жағдайына, оқушылардың қызығуына қарай анықталады. Оқушылардың қызығуы сабақ үстінде, ғылыми-көпшілік кітаптарын, мерзімді баспасөзді оқығанда туады. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырғанда еріктілік негізі сақталады және оларды жүргізудің негізгі әдісі - оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстары. Мұғалім ақыл-кеңесін беріп, бағыттап отырады.

Сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері мен ұйымдастырылу негіздері:

– оқушылардың химияға құштарлығын жоспарлы дамыту; сабақта өтілген материалдармен байланысын камтамасыз ету, сыныптан тыс жұмыстарға қоғамдық мән беру; теориялық және саламандық жұмыстарды ұштастыра жүргізу;жұмыстың түрін таңдаудағы оқушылардың еріктілігі мен дербестілігін қамтамасыз ету;

– көпшілік және жеке жұмыстарды ұштастыру; сыныптан тыс жұмыстарға мамандарды, оқушылардың ат-аналарын қатыстыру; сыныптан тыс жұмыстармен оқушыларды шамадан тыс шұғылдандырмау; сыныптан тыс жұмыстарға кәсптік бағдар беру. Сыныптан тыс жургізілетін сыныптан тыс жұмыстар химия пәнінің негіздерін оқушыларға үйретіп ғана қоймай, сонымен бірге болашақ жастарды өмірге әзірлеп, мамандықты еркін таңдай білуге көп септігін тигізеді.

Мектептің тәрбие жұмысының құрамды бөлігі - сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар болып есептелед. Оқушылардың пән сабақтарында меңгерге білімдерін, үлгі-өнегелерін сыныптан тыс уақытта жүргізілген жұмыстарда пайдалану қоғамдық еңбекпен айналысуға ой-өрістерінің кеңеюіне үлкен ықпалын тигізеді.

Соңғы кезде мектептердің алдына қойылып отырған тәрбие міндеттері сыныптан тыс уақытта жүргізілетін іс-шаралардың мазмұнына өзіндік әсер етіп отыр. Себебі, мектептердегі білім стнадарты, тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептің бағдарламалары, жаңа ұлттық негізінде жазылған оқулықтар, әдістемелік құралдар, сыныптан тыс уақытта жүргізілетін іс-шараларға жаңаша көзқарасты талап етеді.

Еліміздегі мектеп тәжірибесінде сыныптан тыс жұмыстар екі бағытта: сыныптан тыс тәрбие жұмысы және сыныптан тыс жұмыстар деп жеке пәндер бойынша жүргізіледі.

Тәрбие жүйесінде сыныпта және сыныптан тыс тәрбие жұмысының ерекшелігі балалардың тұлғалық және жас ерекшеліктеріне қарай анықталады.

Сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мақсаты - сабақ үстінде жүзеге асырылатын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, қоршаған ортаға қызығушылығын ояту, қоғамдық белсенділігін шыңдау, бос уақытын ұйымдастыруды көздейді.

Мұғалім оқушыларды сабақтан тыс уақыттарда карым-катынас жасауға, әртүрлі жағдайда баланы зерттеп, ол туралы мәлімет жинауға мүмкіндік алады.

Педагогикалық энциклопедияда «мектептегі тәрбие жұмысының барлығы сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылып, сыныптан тыс тәрбие жұмысы» деп аталады.

Бүгінгі таңда тәрбие жұмыстары оқушы тұлғсын тәрбие субъектісіне айналдырып, педагогикалық талаптарды орынды, белсенді қабылдап, өзінің сапалық қасиеттерін жетілдіру мақсатын көздейді. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын үйірмелер және тәрбие жұмыстарында балалардың өз бетімен жұмыс істеуіне кең мүмкіндіктер жасалады. Өздігімен басқаруға және дербестікті дамытумеи үйлестірілуімен ерекшеленеді.|

Мектеп практикасында сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына тек белсенді оқушыларды тарту әдетке айналуы кемшіліктердің бірі болып келеді. Неғұрлым қиын балаларды қызықты тәрбие сағаттарына тарту - олардың дұрыс өмір жолына түсуіне, ұжымдық іс-әрекетке қатысу ынтасының тууына ықпапын тигізеді. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың бұқаралық сипатта немесе жаппай оқушыларды қамту тұрғысында жүргізілуі басты ерекшелік болуы тиіс. Бірақ сыныптан тыс тәрбие жұмысының топпен және жеке оқушылармен ұйымдастырылатын түрлері бірін-бірі толықтыра түседі [3].

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының элементтері мен компоненттері туралы бірнеше көзқарастар қалыптасқан. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау және мектептердегі қолданылуын зерттеп келе, сыныптан тыс тәрбие жүйесін жеке-топтық, компонент, мазмұндық компонент және іс-әрекеттік компонент деп бөлуге болады. Сыныптағы тәрбие жұмысының негізгі компоненттері мен элементтерін төмендегі 1- кестеде керсетілді.

Кесте 1 - Сыныптан ты тәрбие жұмыстардың құрылымдық компоненттері және элементтері

Сыныптан тыс жұмыстардың компоненттері	Сыныптан тыс жұмыстардың құрлымдық элементтері
Жеті топтық компонент	1. Сынып жетекшісі 2. Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырушы 3. оқушылардың ата-аналары 4. Тәрибе үдерісіне және сынып ұжымының күнделікті әрекетіне қатысатын оқушылар
Мазмұндық компонент	1. Сыныптан тыс жұмыстың мақсаты мен міндеттері 2. Тәрбие жұмысының мазмұны 3. Тәрбие жүйесінің құрылымы

Іс-әрекеттік компонент	1. Бірлескен әрекет пен қарым-қатынасты ұйымдастыру формасы мен әдістері 2. Тәрбие жүйесінің барысы 3. Сынып оқушыларының өзін-өзі басқаруын және педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету

Ал, бірқатар зерттеулерде сыныптан тыс тәрбие жұмысының формасын сипатына және ұйымдастырылуына қарай жіктелінген.

Ізденіс жұмысының нәтижесінде сыныптан тыс тәрбие жұмысын – тәрбиелеу мақсаты, оқушы, сынып жетекшісі, ата-аналар, тәрбие мазмұны, формалары мен әдістері, проуестері компоненттерінің бір-бірімен тығыз байланысындағы тәрбие жүйесінің бір бөлігі деп тұжырымдадық. Жүйенің әрбір компоненті тәрбиелеуде белгілі бір рөлді атқарып, сынып жетекшісі өз алдына белгілі бір мақсат қоятын, әлеуметтік-ұйымдастырушы тұлға ретінде басты компонент болып саналатынын дәлелдей түстік.

Химиядан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар көпшілік, топтық және жеке жұмыстар деп үшке бөлінеді.

Көпшілік жұмыстарға жататындар: Жас химиктер қоғамы, химиялық кештер, химия апталығы, онкүндігі, айлығы,, конференциялар және т.б.

Топтық жұмыстарға жататындар: химиялық үйірмелер, жас химиктер клубының және қоғамның секциялары, химиялық бюллетень шығару, көрме ұйымдастыру, топтық зерттеу жұмыстары

Жеке жұмыстарға жататындар: Кітаппен жұмыс, хабарлама, реферат және баяндама әзірлеу, құрал және көрнекіқұралдар жасау, шағын зерттеулер жүргізу және т.б. сыныптан тыс жұмыстардың түрлері өте көп, олар біртіндеп қалыптасты. Жирмасыншы жылдарда химиядан сыныптан тыс жұмыстар техникалық станцияларда жүргізіледі, оқушылар тәжірибе жасау, құралдар мен көрнекі құралдар әзірлеумен шұғылданды. Отызыншы жылдарда химиялық үйірмелер жұмыс істеді, оларды ұйымдастыру жөнінде оқу құралдары жарық көрді. Қырқыншы жылдарда алғашқы химиялық қоғам ұйымдастырылды, бұлар кейінгі жылдарда кең өріс алды.

Елуінші жылдардан бастап «Химия в школе» журналында сыныптан тыс жұмыстардың әдістемесін баяндайтын бөлім ашылды, ғылыми зерттеу жұмыстары дамыды. Алпысыншы жылдарда Д.И.Менделеев атындағы Бүкілодақтық химия қоғамы жас химиктер сециясын ұйымдастырды. Оған орта мектептің оқушылары, арнайы оған орта мектептің оқушылары, арнайы орта және жоғары оқу орындарының студенттері мүше болып, сыныптан тыс жұмыстар жүргізуге белсене араласты.

Жас химиктер шығармашылығын насихаттауға арналған Одақтық көрмелер ұйымдастырылып, бәйгелер жарияланды. Жас химиктер Секциясының жұмысына ірі ғалымдар, жоғары оқу орнының оқытушылары қатысты. Осының бәрін сыныптан тыс жұмыстардың кең етек алуына зор ықпалын тигізіді. Бұрынғы КСРО Ғылым Академиясының «Химия и жизнь» журналында жас химиктерге арналаған тартымды материалдар үзбей жарияланды. Соңғы уақытта

жастарды қоғамның жан-жақты жетілген белсенді азаматы етіп тәрбиелеу үшін химия пәні бойынша, сыныпта өтілетін бағдарлама материалдарын казіргі өмір талабына сай оқытумен қатар, оқытудың білім беру, тәрбиелік және одан әрі дамыту міндеттерін жүзеге асыруда сыныптан тыс жұмыстардың сапасын жақсарту жолға қойылуда [4].

Сурет 1 – Химиядан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар сызбанұсқа

Көпшілікке арналған сыныптан тыс жұмыстар. Көшілікке арналған сыныптан тыс жұмыстардың ішінде кеңінен таралғандары жас Химиктер қоғамы және химиялық кештер.

Сыныптан тыс жұмыстарға қатысатын оқушылар саны көп, олардың бағыты алуан түрлі болып келетін ірі мектептерде жас химиктер қоғамы ұйымдастырылады. Қоғам арнайы жарғы бойынша жұмыс істейді, оның мазмұны әдістемелік әдебиеттерде баяндалған .

Сыныптан тыс жұмыстардың ең маңыздыларының бірі - химиялық кештер, оған оқушылардың көпшілігі қамтылады. Ол танымдық әсерінің күштілігімен ерекшеленеді. Химиялық кештер мазмұнына қарай тақырыптық, тарихи, мерейтоп, қызықты, т.б. кештер деп жіктеледі, сабақта өтілген материалдармен тығыз байланыста жүргізіледі.

Кейінгі кездерде химияның апталығы немесе онкүндігі жиі өткізіліп жүр. Оған әзірлік жұмыстары 1,5 – 2 ай бұрын басталады. Апталықта химия оқитын барлық сыныптардың оқушылар қатысады. Әр сыныпқа жалпы жеке

тапсырмалар беріледі. Апталықтың жоспарында және тапсырмаларында химия ғылымы мен өнеркәсібінің дамуын көрсететін тақталар, химиядан ғылыми-көпшілік кітаптар көрмесін ұйымдастыру, газет бюллетень және химиялық журналдар шығару, құралдар, дәріс, хабарлама, баяндамалар әзірлеу, тақпақтар және әңгімелер жазу, үйірме жұмыстарын күшейту, олимпиадаларға және топсеруенге дайындалу және т.б көрсетіледі.

Сыныптан тыс топтық және жеке жұмыстар. Сыныптан тыс топтық жұмыстардың ең маңыздысы – химиялық үйірмелер. Химия пәніен сыныптан тыс жұмыстар әр салалы үйірме ұйымдастырудан басталады. Ол жүйелі түрде жүргізіледі, еркімен келген оқушылар құрамыньң тұрақтылығы, олардың жұмысын біріктіретін жалпы тақырыбының болуы химия үйірмесінің ерекшеліктеріне жатады. Жеке сыныптарда химиядан жүргізілетін үйірме жұмыстарының шамамен алынған бағдарламасы ұсынылды. Онда зертханалық техниканың негіздері, препараттар әзірлеу, электрохимия, химиялық технология, геохимия, органикалық химия, аналитикалық химия үйірмелерінің тақырыптары, бағдарламасы берілген, әдебиеттердің тізімі көрсетілген. Бұл құжат бағыт-бағдар беру үшін ғана жарияланады, үйірме жұмыстарының факультативтен айырмасы олардың мазмұны бағдарлама арқылы қатаң шектелмейді, оқушылардың дара ерекшеліктерін, икемділіктерін ескеріп жүргізіледі [5].

Бұл үйірмеге қатысатын оқушылар саны 10-12-ден аспайды. Бірінші жылы (VIII сынып) оқушылар зертханада жұмыс істеу және қауіпсіздік техникасын сақтау шараларымен толығырақ танысады. Заттарды тазарту, ертінділер дайындау, химия зертханасына қажетті кейбір заттарды алумен шұғылданады, саламандық біліктер мен дағдыларды игереді. Химияның тұрмыста қолданылуына байланысты тәжірибелер жасайды, киімдегі дақты, ыдысқа жұққан кір мен жабысқан қақты кетіру жолдарымен тырысады.

Химияның тарихымен шұғылданатын үйірменің мүшелері химиялық элементтердің ашылу тарихымен, көрнекі ғалымдардың өмірі және еңбегімен танысады, музейлерге және көрмелерге, өндіріс орындарына топсеруенге барады.

Аналитикалық химия үйірмесіне судың, ауаның, минералдардың және ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамына химиялық анализ жасалады.

Агрохимия үйірмесінде топырақтың құрамын, қасиеттерін, өсімдіктерге қажетті қоректік заттарды зерттейді. Минералды тыңайтқыштардың құрамы, қасиеттері, қолданылу тәсілдері және нормаларымен танысады. Өсімдіктердің зиянкестерден қорғайтын заттардың пайдасы мен зиянын анықтайды. Агрохимиялық анализдер және тәжірибелер жүргізеді.

Электорхимия үйірмесінде химияның осы маңызды саласының шығу тарихын, электролиз әрекетінде, гальваникалық элементтер және металдар коррозиясы кезінде жүзеге асатын әрекеттерді тәжірибе жүзінде зерттейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мария С. Пак .Теория и методика обучения химии: учебник для вузов /М. С. Пак. – СПб: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2015. – 306 с.

2. М.О.Әуезотвтің педагогикалық және психологиялық ойлары жайында //С.Сейфуллин атындағы Қазақ Мемлекеттік агротехникалық университетінің 50 жылдығына арналған «Қазіргі кезеңдегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2007. 47-51 бет.

3. Тәрбие жұмыстарындағы модульдік технологияның ерекшеліктері // білім-Образование. Алматы, 2007. №5. 21-24 бет.

4. Сынып ұжымындағы үйлесімді іс-әрекеттер // Қ.А.Ясауи Хабаршысы. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-Түркістан, 2007. - №3. 176-179 бет.

5. Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия – Алматы. 2006 ж. – 548 бет.

ӘОЖ 37

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Төлеуханова А.Қ.
Ғылыми жетекші: Даутова З.С., п.ғ.к., химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: arai_1720@mail.ru

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде. Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе.

Кілт сөздер: химия, инновациялық әдіс-тәсілдер, білім, ақпараттық технология

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім берілуі өте қажет»
Н.Назарбаев

Химия пәнінен оқушылардың құзыреттілігін дамыту жолдары. Қазір ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілікті қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Экс-президент Н.Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім берілуі өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі оқушының құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, «құзыреттілік» деген ұғымға нақты тоқталатын болсақ: құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс - әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Яғни құзыреттілік - жеке тұлғаның білімімен тәжіриебесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым. Кей жағдайда біліктілік ұғымын құзыреттілік ұғымымен нақтылайды, алайда бұл екі ұғымда салыстарған жағдайда, құзыреттілік ұғымының мағынасы кең. Себебі: құзыреттілікке біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен іскерлікке қоса, топта, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпарат алу оны пайдаланут. б. іскерліктер жатады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының құзыреттілігі мына үш аспектініпен сипатталады:

- Мәндік аспект - ахуалды жете түсіну, оны ұғыну, және оған деген қарым - қатынас, теориялық негізін, маңызды мәселелерді ұғыну;

- Проблемалық - практикалық аспект - оқушының алдына мақсат, міндет нормалары қойып және орындау жолдарын анықтау;

- Коммуникативті аспект - оқушының осы үрдіске, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталып кеткен аспектілерді талдай отырып, білім беру жүйесіндегі мұғалім құзыреттілігі жансыз жаттанды білім түрінде емес, оқушының жеке тұлға ретінде танымға, ойлауға қатысын, әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижесін талдауға, ұтымды түрде ескертулер мен түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Құзыреттілік - оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеден қолдана алу. Проблемены шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрамдық сипатын анықтатын жаңа сапа.

Сонымен орта білім беру тұжырымдамасында оқушыдан орта білім берудің негізгі күтілетін нәтижелері ретінде мектеп түлегінің негізгі құрлылығы төмендегіше анықталады:

1. Құндылықты - бағдарлы құзіреттілік - жасампаз қоғам өмірінде өз ролін таба білу біліктілігі, азамматық белсенділік, саяси жүйені түсіну, ең бастысы - өз Отанының патриоты болу.

2. Мәдениеттанымдылық құзыреттілік - рухани келісім мен толераттық идеяларына бейім болу. Өз халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көп түрлілігін түсіну, бағалау: жалпы азаматтық мәдениет жетістіктері мен этномәдниеттік құбылыстарды тани білу.

3. Оқу - танымдылық құзыреттілігі - оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу - танымдылық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлық. Әлемнің ғылыми бағытын ізденушілік - зерттеушілік әрекет арқылы игеру.

4. Коммуникативті құзыреттілік - адамдармен өзара әрекет пен қарым - қатынас тәсілдерін білу, түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс істеу.

5. Ақпараттық технологиялық құзыреттілік - өз бетінше іздей білу, талдау, таңдай білу, ақпараттық технологияны игеру, интерпртациялау.

6. Әлеуметтік еңбек құзыреттілігі - отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді қоғамдық азаматтық тәрбие мен білімге ие болу. Әлеуметтік - қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап, шешім қабылдай білу.

7. Тұлғалық өзін өзі дамыту құзыреттілігі - қызметін өзіндік қадір қасиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау, өз мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарламен салыстыра білу, сонда осында мектеп түлегі бірнеше құзыреттілігін игеруге міндетті. Ол:

1. Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.

2. Әлеуметтік құзыреттілік - бірлескен кәсіптік қызметпен шұғылдану/ топпен/ қабілеті, қызметету, кәсіби қарым - қатынас тәсілдерін қолдану.

3. Білім алу құзыреттілігі - білім алу қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге қызығушылығы және білім беру қызметінде субъектілік және креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу іскерлігі.

Қазіргі кезде химия пәнін мектепте оқытудың мақсаты мен міндеттері заман талабына қарай өзгерді. Мен бұл пәнді оқыту барысында алдыма қойған мақсаттарым:

• Оқушыны химия пәні арқылы мамандыққа баулу.
• Оқушының білім – білік дағдыларын қалыптастыру.
• Білім алуға деген ынтасын арттыру.

• Оқушының белсенділігі мен іскерлігін арттырып, шығармашылыққа баулу.

• Химиялық тілді, теориялық білімді практикамен ұштастыру.

• Мамандығына байланысты химиялық үрдісті түсіндіре алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың білім берудің қолданбалы, практикалық сипатын күшейту болып табылады. Бұл бағыт оқушы мектепте алған білімдерінің қандай нәтижелерінің мектептен тыс жерлерде пайдалана алады деген қарапайым сұрақтан туған. Бұл бағыттың мәні мектепте оқылғанның бәрі болашақта тиімді болуы керек, яғни пайдаға асуы тиіс деген ойда. Мәселен, оқушылардан формуланы білуді, сондай-ақ осы формулаларды қолданып, есептер шығара білуді талап етуге болады. Білім беру мазмұнын осы тұрғыдан қайта қарау өте пайдалы болар еді. Нәтиже бағдарланған оқыту, яғни құзыреттілік тәсіл, ең алдымен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамытуды талап етеді. Құзыреттілік тәсіл тұлғасынан қарайтын болсақ, онда мұғалімнің тілдік құзыреттілігінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Химияны меңгертуде формулалардың маңызы зор, сондықтан сабақ барысында формуланың жалғасын табатын перфокарталардың да алатын орны ерекше. Сонымен қатар оқушыларға әр түрлі тақырыптарда жеке жұмыстар тапсыруда сабақты тереңдете түседі, осы зерттеген тақырыптарын ортаға салуға мүмкіндік беремін. Осындай әдіс-тәсілдер арқылы әр сабақта жұмыс істеу барысында оқушылардың білімдері тереңдейді, есте сақтау, химиялық тілмен сөйлеу қабілеттері дамиды және олар ізденімпаздыққа, үнемділікке тәрбиеленеді. Өз тәжірибе жұмыстарымды қорытындылай келе химиялық білімнің кәсіби мамандыққа бағытталуы дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді деп сенемін. Пән мұғалімі ретінде алдыма қойған мақсатым - оқушылардың ғылыми ізденісін шыңдап, қабілетін арттыруда ғылыми ізденіс жұмыстарында үлкен шығармашылық еңбек, тың деректерді пайдалану қажет деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://edunews.kz/sciense/1545-innovaciyaly-tehnologiyalardy-ksbi-blm-beru-oryndarynda-innovaciyaly-dster-men-tehnologiyalardy-ou-dersne-oldanu.html

2 Ф.Б. Бөрібекова Н.Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы, 2014. - 245 б.

3. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. /Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған лекция. – Егемен Қазақстан, 2006. - 275б.

4. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! / Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар 2011 жыл. - 345б.

5. Плетнер Ю.В., Полосин В.С. Практикум по методике преподавания химии. – Москва: Учпедгиз, 2012 – 26 с.

УДК 54.05

РЕНТГЕНОСТРУКТУРНЫЙ АНАЛИЗ БЕРИЛЛИЕВОЙ КЕРАМИКИ

Янкова И.С., Усова Е.В., Аманкельды К.К., Фомина В.А., Калел Ж.А.
Научный руководитель: Квеглис Л.И., профессор, доктор физико-математических наук
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахста e-mail: kveglis@list.ru

Бериллиевая керамика – это особый вид установочной керамики вследствие высоких значений по нескольким показателям: диэлектрические свойства, механическая прочность, вакуумная плотность и высокая теплопроводность и термостойкость. Бериллиевая керамика относится к материалам электронной техники и ядерной энергетики.

Керамика на основе оксида бериллия обладает комплексом уникальных физико-химических свойств, таких как высокая химическая, термическая, механическая, радиационная стойкость, теплопроводность, скорость распространения звука, высокое удельное электросопротивление, малые диэлектрические потери, прозрачность для вакуумного, УФ, рентгеновского, видимого, ИК и СВЧ-излучений. Такая керамика может найти широкое применение не только в электронике, но в аэрокосмической и других областях современной техники.

Цель работы : Исследовать структуру бериллиевой керамики.

Рентгеновские лучи, открытые в 1895 г. В. Рентгеном – это электромагнитные колебания весьма малой длины волны, сравнимой с атомными размерами, возникающими при воздействии на вещество быстрыми электронами. Рентгеновские лучи широко используются в науке и технике.

Метод Дебая-Шеррера (метод порошков) используется для исследования поликристаллов и их смесей. Хаотическая ориентация кристаллов в образце относительно падающего монохроматического пучка превращает дифрагированные пучки в семейство коаксиальных конусов с падающим пучком на оси. Их изображение на фотоплёнке (дебаеграмма) имеет вид концентрических колец, расположение и интенсивность которых позволяет судить о составе исследуемого вещества.

Структура и основные свойства микропорошка TiO_2

Морфология поверхности и гранулометрический состав микропорошка TiO_2 после просева показан на рисунке 1 (а,б).



а – увеличение 5 k; б – увеличение 20 k.

Рисунок 1 – Микро фотографии микронных порошков диоксида титана

Ренгенограмма микропорошка TiO2 показана на рисунке 2 мелкие пики указывают на наличие допустимых примесей (Fe2O3, P2O5, SiO2). Расшифровка значений углов (2θ = 27,4; 2θ = 36,0; 2θ = 39,1 и т.д.) и интенсивностей пиков в программе «Quantax 70» указывает на полное соответствие образца рутильной модификации TiO2.



Рисунок 2 – Рентгенограмма от образца диоксида титана для значений 2θ в интервале от 0 до 120°

Таким образом, согласно ТУ 301-10-020-90 микропорошок диоксидатитана, должен содержать основное вещество не менее 99,0%, используемый висследовании порошок содержит 99,53%. Поэлементное содержание примесей в пределах допустимых значений. Результаты бериллиевой керамики указывают на его полное соответствие рутильной модификации, что подтверждает возможность изготовления керамических изделий по заводской технологии.

Структура и основные свойства нано порошков TiO_2

Для изготовления экспериментальных образцов было применено два виданонопорошков диоксида титана, полученных методом электрического взрыва проводника и золь-гель методом. На рисунке 3, а, б представлена типичная микрофотография нано частиц TiO_2, полученных методом электрического взрыва проводника.



а – увеличение 400k; б – увеличение 100 k.

Рисунок 3 – Микрофотография наночастиц TiO_2, полученных методом электрического взрыва проводника



Рисунок 4 – Рентгенограмма от образца нанопорошка TiO_2, для значений 2θ в интервале от 0 до 120°

На рисунке представлена типичная микрофотография наночастиц TiO_2, полученных низко температурным сжиганием очищенного тетрахлорида титана в присутствии катализатора в паровой фазе. Здесь нано частицы представляют